



20 маусым, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz



www.facebook.com/syrboi.kz/



www.instagram.com/syrboi_kz



https://twitter.com/syrboi



t.me/syrboi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаевты қабылдады.

Президент кездесу барысында өңірдің жаңа басшысына маңызды міндеттер жүктеді. Атап айтқанда, азаматтардың тұрмыс сапасы мен әлеуметтік жағдайын одан әрі арттыру, аймақ экономикасын дамыту мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік салаларындағы тұрақты өсімді қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қатон-Қарағай, Марқакөл аудандарын қайта құру жөнінде шешім қабылданғанына тоқталып, шекаралас аумақтағы елді мекендерді жүйелі түрде дамыту қажет екенін айтты.

Президент облыс әкіміне коммуналдық инфрақұрылым нысандарын жаңғырту, жылу-электр стансаларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және жылыту маусымына дайындық жұмыстарын пысықтау жөнінде тапсырма берді.

МИТРОПОЛИТ АЛЕКСАНДРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Астана және Қазақстан митрополиті Александрды қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қазақстандағы Православ шіркеуінің мемлекет пен конфессия арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, сондай-ақ рухани құндылықтар мен дінаралық диалогты ілгерілетуге елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

Президент ортақ күш-жігердің нәтижесінде елімізде көптеген этнос өкілдері мен түрлі дінді ұстанатын халықтар өзара тату өмір сүріп жатқанына назар аударды.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы Православ шіркеуінің діни қызметін қолдау мәселесінде конструктивті қарым-қатынасты сақтау маңызды екенін атап өтіп, әлеуметтік және ағартушылық бағдарламаларды дамыту қажет екенін айтты.

Өз кезегінде митрополит Александр Қазақстанның көркейту жолында бейбітшілік пен бірлікті нығайту ісін қолдайтынын жеткізді және Президентке алғаш рет қазақ тілінде жарық көрген дұға кітабын табыс етті.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын өткізді. Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналды. Жиынның алғашқы күні еліміздің әрбір аймағынан арнайы келген делегаттар ұлт келешегі үшін өзекті мәселелерді талқылады. Ал екінші күні негізгі жиында Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауым алдында сөз сөйлеп, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ой-толғамдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бері өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекеттіміздің тұғырын бекіте түскенін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті. Президенттің айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Ал түпкі мақсатқа жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ АДАЛ АЗАМАТТАР ҚҰРАДЫ»



жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер.

Президент отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс екенін айтты.

– Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал та-

быс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі

адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жүргізілуге тиіс екеніне назар аударып, осы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, Президент мемлекеттік нысандарды жетілдіру; ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту; мәдени мұрамызды жан-жақты дәрiптeу; өскелең ұрпақтың тәрбиесіне мән беру; ақпарат саясатының тиімділігін арттырып, креативті индустрияны дамыту; мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметін сапалы жүргізу; шекаралас аймақтарды дамыту; мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде маңызды мәселелерді қозғап, тың бастамалар ұсынды.

Жиынды Мемлекеттік кеңесші, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин ашып, жүргізіп отырды. Құрылтай мүшелері атынан Қолданбалы экономика зерттеулері орталығының ғылыми жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Жаксыбек Құлекеев, Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин, «Қазақстан зангерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай, Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, белгілі өнер қайраткері Азамат Сатыбалды сөз сөйледі.

Сенбі күні «Iqanat» олимпиадасының финалына қатысу үшін облыстан 40 дарынды оқушы Астана қаласына жолға шықты.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

АУЫЛ БАЛАЛАРЫНЫҢ АСУЫ

Ел бойынша 166 ауданнан 37 мың оқушы қатысқан «Iqanat-2023» республикалық олимпиадасынан топ жарған балалар елордаға бармақ. Жалпы бұл сынақтан 824 бала сүрінбей өтті. Жоғарыда айтқандай, біздің аймақтан 40 үміткеріміз бар.

Бұл байқаудың ерекшелігі – ауыл мен кент орталығындағы мектепте оқитын оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Ең ауқымды офлайн олимпиаданы «Iqanat» қоғамдық қоры қаржыландырып отыр.

4-бет

18 МАУСЫМ – ӘКЕЛЕР КҮНІ

ӘР ӘКЕНІҢ ЖІГЕРІН ЖАНЫҒАН

Отбасы беріктігі ер-азаматқа тікелей байланысты. Халқымызда әкені ерекше құрметтеп, мәртебесін жоғары қою дәстүрі орныққан. Ал биыл елімізде алғаш рет атаулы күндер тізімі ресми түрде «Аналар күні» және «Әкелер күнімен» толықты. Алғашқысы мамыр айының екінші жексенбісіне, «Әкелер күнін» атап өту маусым айының үшінші жексенбісіне белгіленді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Отбасы құндылықтарын сақтай отырып, бала тәрбиесіндегі әке ролінің маңызын көрсету, әке мен баланың өзара қарым-қатынасын нығайтуда бұл күннің маңызы ерекше. Осыған орай, өткен жексенбі, яғни, 18 маусым күні Тұңғыш Президент саябағында «Әке – отбасы тірегі» атты спорттық сайыс өтті. Мұндағы жеңіс – әке мен балаларды бір мақсатқа жұмылдыру, отбасындағы береке-бірлікті нығайту.

Мәдени шараға облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов қатысып,

алғаш өтіп отырған мерекемен құттықтады.

– Біздің халқымыз үшін отбасы деген ұғым өте қасиетті. Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Ал оны құрайтын ұштаған: әке, ана және бала болса, солардың үйлесімді дамуы – мемлекеттің іргетасының берік болуына, Тәуелсіздігіміздің сақталуына қызмет етеді. Сондықтан да еліміздегі отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі.

4-бет

ОТАНШЫЛДЫҚ, АЗАМАТТЫҚ, АДАЛДЫҚ – БІЗДІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАМЫЗ

Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың 2-ші сессиясына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев және құрылтайдың 117 мүшесі, басқа да ұйым өкілдері қатысты. Сессияның бірінші күні екі секция жұмысымен басталды. Мен екі секция жұмысына да қатыстым.



«Қоғамдық консолидация» деп аталатын секцияны ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Ғалымқызы Балаева жүргізді.

Секцияда елдің бірлігін, ынтымағын арттыруға бағытталған жұмыстар туралы айтылды. Бүгінгі қоғамды толғандыратын мәселелер баршылық – азық-түліктің қымбаттауы, жұмыспен қамту жағдайы, банк жүйесіндегі кредиттер жайы. Міне, осылардың бәрі Ұлттық құрылтай жұмысы арқылы Президент назарына ұсынылып отыр.

Ұлттық құрылтай құрамында – азаматтық қоғам, үкіметтік емес ұйымдар, дін, қоғамдық бірлестік өкілдері бар. Осы құрылтай мүшелері қоғамдағы өзекті мәселелермен айналысып келеді. Секцияда ҰЕҰ туралы заң жобасын әзірлеу, азаматтық қоғамның форумдарын өткізу, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар ара-

сында әріптестік байланыс орнату арқылы қоғамдағы күрделі мәселелерді шешу жайы сөз болды. Елімізде 23 мың ҰЕҰ бар, олардың бәрін бағыты – қоғамның дамуы жолында жұмыс жасау. Өңірлердегі қоғамдық кеңестер өте белсенді жұмыстар атқарып келеді. Заңмен бекітілген қоғамдық кеңес құзыреттілігіне сәйкес, жергілікті билікпен тікелей жұмыс жасап, әртүрлі мәселелерді шешуге атсалысуда.

Секцияда шешендер мен интуитар қауымдастығының тең төрағасы Ахмет Мурадov Құрылтайды сарапшылардың пікір алысу алаңына айналдыру керек деген пікірін білдірді.

Халықтың құқықтық білімін көтеру қажет. Себебі, көп адам заң шеңберінде әрекет ете алмайды, көпшілік заңдардың орындалуынан бейхабар. «Құқықтану» пәнін мектептің 7-ші сыныбынан бастап оқу бағдарламасына енгізу керек. Сонда ғана азаматтардың құқықтық сауаты артады. Бұл да – қоғамдағы өзекті мәселенің бірі.

Құрылтай мүшелері осындай өткір пікірлерін ортаға салды. Секцияға Құрылтай мүшелерімен бірге «Ауыл» партиясының өкілдері де қатысып, ауылды көтеру, ауыл шаруашылығын дамыту жайын, ауыл жастарының сапалы білім алуын қамтамасыз ету, жастарды білім мен еңбекке баулу мәселесін көтерді.

Жаңа Қазақстан жолында ұлттық стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Президент бастамаларына көмектесуіміз маңызды. Президент тапсырмасына сәйкес, халықтың өмір сүру сапасын көтеруге байланысты Үкіметте атқарылып жатқан жұмыстар азаматтық қоғамның бақылауында болып, оның нәтижелі орындалуына бірге қол жеткізу – мақсат. Елдің, ұлттың болашағына жұмыс істеу – әрбір азаматтың парызы.

Құрылтай мүшелері осындай пікірлермен қоса еліміздегі жүргізіліп жатқан экономикалық саясат, еңбек нарығын қалыптастыру туралы а айтты.

2-бет



БАСПАСӨЗ – 2023

Құрмені оқырман!

2023 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 3500 теңге, мекемелер үшін – 4500 теңге.

